

## I. Жалпы ережелер

Бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін жетілдіру бойынша осы білім беру бағдарламасы ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» заңына және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес құрастырылды.

Аталмыш білім беру бағдарламасы бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

Оны құрастыру қажеттілігі қазір бастауыш сынып мұғалімдеріне оқыту мен үйрету стратегияларын анықтаудың қиындығымен байланысты туындап отыр, себебі әдістемелік әдебиетте олар көп берілген. Бұл фактордың әсері педагог уақытының тапшылығымен үйлескенде оқыту мен үйретудің тиімді емес стратегияларын таңдау қаупіне әкелуі мүмкін, ал ол өз тарапынан білім беру сапасына әсер ететіні сөзсіз.

Білім беру сапасын көтеру мәселесі «Сапалы білім «Білімді ұлт» ұлттық жобасының басым міндеттерінің бірі болып табылатынын атап өту керек.

Сондай-ақ педагогтердің кәсіби құзыреттерінің өлшемі ретінде оқыту мен үйретудің заманауи стратегияларын іске асыру қажеттілігі туралы талаптар «Педагог» кәсіптік стандартында көрініс тапқан.

Бұл талап педагогтердің аттестаттауын өткізу қағидалары мен шарттарында да (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. № 533 бұйрығы) қамтылған.

Жоғарыда баяндалғандар ұсынылып отырған курстың өзектілігін растайды.

**Тыңдаушылар категориясы:** бастауыш сынып мұғалімдері.

**Сағат саны:** 72.

**Оқыту түрі:** гибриді оқыту (асинхронды режимде қашықтықтан, синхронды режимде қашықтықтан, офлайн).

**Оқыту тілі:** орыс тілінде.

## II. Глоссарий

**Action Research** – 1) қандай да бір өзекті процестің (нақтырақ, оның салдарларымен) ағымдағы аспектісін анықтаумен байланысты диагностикалық зерттеу; 2) кейбір топтық жүйенің қатысушыларынан мәліметтерді жинақтау процедурасы және сол қатысушыларға алынған нәтижелер туралы кері байланысты осы топтың ағымдағы қызметіне араласуға көмектесетін арнайы процедура ретінде ұсыну; 3) түзету немесе дамытушы қызметті жүзеге асыру мақсатында кейбір әлеуметтік жүйенің қатысушылары өздеру туралы мәліметтерді жинақтау процесіне жұмылдырылатын процедура.

**Lesson study** – оқыту мен үйретуді үнемі жетілдіру мақсатында бірлескен рефлексивті мектеп практикасы.

**Интерактивті білім беру платформасы** – оқыту процесінің қатысушыларын біріктіретін ақпараттық кеңістік, ол қашықтан білім беру мүмкіндігін ұсынады, әдістемелік материалдар мен ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар білім алушылар білімінің деңгейін бақылау үшін тестілеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Коммуникация** – келісе білу және қарым-қатынасты дұрыстау, әңгімелесушіні тыңдау және өзінің көзқарасын жеткізу.

**Үйлестіру** (ынтымақтастық) – ортақ мақсатты жіне оған жету жолдарын анықтай алу, рольдерді бөлу және нәтижені бағалау.

**Креативтілік** – жағдаятты жан-жақты бағалай алу, дәстүрлі емес шешімдер қабылдау және өзгермелі жағдайларда өзін сенімді сезіне алу.

**Сын тұрғысынан ойлау** – бақылау, тәжірибе, ойлану немесе пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, жинақтауға әкелетін аналитикалық тәсілді топшылайтын ойлаудың типі, ол алдағы уақытта әрекетке итермелейтін негіздеме болуы мүмкін.

**Білім беру** – білімді беру және дағдыларды дамыту, ғылыми білім жүйесін меңгерумен және әр алуан қызмет салаларында практикалық дағдыларды алумен, шығармашылық қабілеттерді дамытумен, мәдени нормалар мен қызметтің адамгершілік принциптерін, эстетикалық көзқарастар мен моральдық қағидаларды меңгерумен байланысты танымдық әрі зерттеушілік әрекетті белсендетуге ынталандыру процесі.

**Оқыту** – оқыту барысында білім алушылардың оқу еңбегін ұйымдастыруға, білім мазмұнын игеру және тұлғаның тиісті қасиеттерін қалыптастырудағы жоспарлы әрі жүйелі көмекке бағытталған оқытушы іс-әрекетінің процесі.

**Өздігінен білім алу** – білім, білік және дағдылар оқытушы тұлғалардың көмегінсіз, өздігінен, дербес алынатын білім.

**Білім беру стратегиясы** – оқыту нәтижелерін анықтайтын және оларға қол жеткізуге бағытталған оқу моделі.

**Оқыту стратегиясы** – педагогтің білім алушыларды дамытудың қалаулы бағыттарына қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттерінің кіріктірілген моделі.

**Өзін-өзі басқара отырып оқу стратегиясы** (Self-Directed Learning) – эмоциональды интеллекті дамыту теориясына негізделетін оқу моделі.

**Эксперименттік оқыту стратегиясы** – күрделі тапсырмаларды орындау немесе кешенді проблемаларды шешу кезінде білім мен дағдылардың қолданылуын талап ететін нақты іс-әрекеттерге негізделетін оқу моделі.

### **III. Курстың тақырыбы**

«Бастауыш мектепте оқыту мен білім берудің заманауи стратегиялары» курсына таңдап алған мұғалімдер бастауыш сынып оқушылары үшін тиімді стратегиялардың ерекшеліктерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін білетін

болады, білім беру сапасы мен оқушылардың табыстылығын арттыру мақсатында оқыту мен оқыту стратегияларын оңтайлы таңдауды үйренеді.

Курс бағдарламасы тудыратын түрлендірулер ауқымы модульдік болып табылады, өйткені ол жеке, өзара байланысты түрлендірулер кешенін білдіреді.

Білім беру жүйесінде баламалардың бар/жоқтығын талдау қала, облыс және республика деңгейінде мұндай бағдарламалардың жоқ екенін көрсетті.

Алайда, ұсынылып отырған курста "Бастауыш білім беруде 4К моделін іске асыру үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау", "Өрлеу "Біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы" АҚ «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін "4К" моделінің білім беру технологиясы" курстары, сондай-ақ «Білім» қайта даярлау және біліктілікті арттыру институтының «Заманауи білім беру жағдайындағы мұғалімнің кәсіби қызметіндегі цифрлық құралдар мен сервистер» курстары аясында қарастырылатын тақырыптар бар.

#### **IV. Мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелер**

**Бағдарламаның мақсаты** бастауыш сынып мұғалімдерінің білім беру жүйесінің қазіргі заман үрдістеріне сәйкес бастауыш сыныптарда оқыту мен білім берудің тиімді стратегияларын пайдалану бойынша кәсіби құзыреттерін жетілдіру болып табылады.

##### **Курстың міндеттері:**

- бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту мен білім берудің заманауи стратегияларымен, кіші мектеп жасындағы оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудың барабар міндеттерімен таныстыру;

- бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту мен білім берудің тиімді стратегияларын пайдалану кезінде интерактивті білім беру платформаларымен және олардың педагог жұмысындағы қызметімен таныстыру;

- бастауыш сынып мұғалімдерінің бойында үнемі өздігінен білім алу, өзінің кәсіби қызметін әрдайым жетілдіріп тұру қажеттілігін қалыптастыру.

##### **Күтілетін нәтижелер:**

Курсты аяқтағаннан кейін бастауыш сынып мұғалімдері:

- бастауыш мектепте оқыту мен білім берудің заманауи стратегияларын **біледі;**

- бастауыш мектепте оқыту мен білім берудің заманауи стратегияларының ерекшеліктерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін **анықтайды;**

- кәсіби қызметте оқыту мен білім берудің заманауи стратегияларын, осы стратегияларды пайдалану кезінде интерактивті білім беру платформаларын **қолданады;**

- оқушылардың білім сапасы мен табыстылығын арттыру мақсатында оқыту мен білім беру стратегияларын оңтайлы таңдау дағдыларын **көрсетеді;**

- кіші мектеп жасындағы оқушыларды тәрбиелеу және оқыту міндеттеріне барабар бастауыш мектепте оқыту және білім беру стратегияларын қолданудың тиімділігін **бағалайды**;

- бастауыш мектепте оқыту мен білім берудің заманауи стратегияларын өзінің жұмыс практикасына және әріптестерінің жұмыс тәжірибесіне енгізуге **бастамашылық жасайды**.

## V. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама үш модульден тұрады:

- 1-модуль «Бастауыш мектепте оқытудың заманауи стратегиялары»;
- 2-модуль «Бастауыш мектепте білім берудің заманауи стратегиялары»;
- 3-модуль «Интерактивті білім беру платформалары».

Әр модуль бірнеше тақырыптан тұрады: 1-модуль – үш тақырыпты, 2-модуль – үш тақырыпты, 3-модуль – бір тақырыпты қамтиды. Әр тақырыпты зерделеуге бөлінетін сағат саны оқу-тақырыптық жоспарда көрсетілген.

### Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№ п/п	Тақырып	Офлайн (с.)	Онлайн (с.)	ТӨЖ (с.)	Барлығы
<b>1-модуль. Бастауыш мектепте оқытудың заманауи стратегиялары</b>					
1	Оқытудағы өзара әрекеттесу стратегиялары. Ақпаратты беру стратегиялары. Қарым-қатынас орнату стратегиялары.	2	2	2	6
2	«Action Research» стратегиясы	2	2	2	6
3	«Lesson study» стратегиясы	2	2	2	6
<b>2-модуль. Бастауыш мектепте білім берудің заманауи стратегиялары</b>					
4	4К-ны дамытуға бағытталған стратегиялар (үйлестіру (ынтымақтастық), коммуникация, сын тұрғысынан ойлау, креативтілік)	4	4	14	22
5	Оқытудың өздігінен	2	2	4	8

	басқарылатын стратегиялары				
6	Эксперименттік оқыту стратегиялары	2	2	4	8
<b>3-Модуль. Интерактивті білім беру платформалары</b>					
7	Тиімді оқыту және білім беру стратегияларын пайдалану кезіндегі интерактивті білім беру платформалары және олардың қызметі	4	4	8	16
	<b>Барлығы</b>	18	18	36	72

## VI. Оқу процесін ұйымдастыру

Білім беру процесі курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес 72 сағат көлемінде ұйымдастырылады.

Оқу процесін ұйымдастыру қашықтықтан асинхронды режимде, қашықтықтан синхронды режимде және офлайн жүзеге асырылады.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында өздік жұмыс және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

Білім беру процесі төмендегілерді қамтиды:

- дәріс сабақтары;
- практикалық сабақтар;
- тыңдаушының өздік жұмысы;
- бейне сабақтар;
- тестілеу түріндегі қорытынды аттестаттау.

Ересек аудиторияның ерекшелігін ескере отырып, оқыту барысында тыңдаушыларға курс мазмұнын өз тәжірибесіне бейімдеуге және практикалық сабақтар мен аудиториядан тыс өздік жұмыс жағдайында алған біліктерін сынақтан өткізуге мүмкіндік беріледі.

Осы білім беру бағдарламасы біліктілікті арттырудың құзыреттілік моделіне негізделген, ол іс-әрекетке негізделген тәсілді қолдануды топшылайды.

## VII. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтылуы

Білім беру бағдарламасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету оқу және оқу-әдістемелік мәтіндік, графикалық, мультимедиялық және өзге де материалдардың өзара байланысты жүйесін қамтиды.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

- оқу және әдістемелік құралдарды;
- дәрістердің электронды конспектілерін;

- бейне сабақтарды;
- практикалық және өздік сабақтардың материалдарын;
- глоссарийді;
- курс тыңдаушылары үшін таныстырылым және таратпа материалдарын;
- тыңдаушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау материалдарын;
- қорытынды бақылауды ұйымдастыру бойынша материалдарды (тест-емтихандық тапсырмалар – 40 сұрақ);
- негізгі және қосымша әдебиет ретінде тыңдаушыларға ұсынылатын әдебиеттер тізімін қамтиды.

### VIII. Оқыту нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағдарлама мазмұнының игерілуін бағалау критерийлері мен өлшемдері әзірленді.

Өздік, практикалық жұмыстарды жүргізу үшін келесі критерийлер бөлінеді, олар кестеде көрсетілген.

Бағалау критерийлері	Дәстүрлі баға	Балл түріндегі баға	Бағалау өлшемдері
Іске асырылмады	«Қанағаттанарлықсыз»	0-49 балл	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыстың мазмұны берілген тақырыпқа сәйкес келмейді;</li> <li>- жұмыс мәтіні ұқыпсыз, түсініксіз ресімделген, өрескел стилистикалық және грамматикалық қателер бар,</li> <li>- бір немесе бірнеше дереккөздерден мәтін фрагменттерінің ойланбастан көшірілуі байқалады, әдебиет пайдаланылмаған,</li> <li>- Жұмыс талаптарға сай ресімделмеген.</li> </ul>
Ішінара іске асырылған	«Қанағаттанарлық»	50-74 балл	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс мазмұны тақырыпқа ішінара сай келеді;</li> <li>- жұмыс негізінен дұрыс орындалған, айтарлықтай стилистикалық және грамматикалық қателер бар,</li> <li>- жұмысты ресімдеуде ұқыпсыздық бар: жиектер қалдырылмаған, беттер нөмірленбеген, мәтін бойынша түзетулер енгізілген, титул</li> </ul>

			<p>парағы дұрыс ресімделмеген,</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмысты орындау үшін үнемі көмек қажет болды, әдебиет ішінара қолданылды,</li> <li>- қорытындылар жұмыстың барлық бөлімдері бойынша жасалмаған немесе бөлімнің мазмұнына ішінара сәйкес келеді немесе келтірілген деректер бойынша қорытындылар жоқ,</li> <li>- мазмұны, әдебиеттер тізімі, суреттер астындағы жазулар, кесте атаулары жоқ</li> </ul>
Түзетулер есебімен іске асырылған	«Жақсы»	75-84 балл	<p>Жұмыс мазмұны негізінен тақырыпқа сай келеді немесе оның көлемі тым көп;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс негізінен дұрыс ресімделген, кейбір маңызды емес стилистикалық және грамматикалық қателер бар,</li> <li>- жұмыс негізінен дербес орындалды, әдебиет қолданылды,</li> <li>- жұмыс негізінен дұрыс ресімделген, талаптардан кейбір ауытқулар бар.</li> </ul>
Толық іске асырылды	«Өте жақсы»	85-100 балл	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тақырып мазмұны толық ашылған, жұмыс таңдалған тақырыпқа сәйкес келеді;</li> <li>- жұмыс дұрыс ресімделген, жеңіл-желпі стилистикалық қателер бар;</li> <li>- жұмыстың практикалық бөлімі дербес орындалған, барлық таңдалған әдебиетке талдау жасалған және жұмыста пайдаланылған.</li> </ul>

Аралық бақылауды оқытушы онлайн сабақтарды өткізу барысында сұрақтарды интерактивті талқылау және тыңдаушылардың өздік жұмысы (ТӨЖ) аясында мәселелерді орындалған тапсырмаларды тексеру түрінде жүзеге асырады. Аралық бақылау үшін ең көп балл саны – 60 балл.

Қорытынды аттестаттау тестілеу түрінде өтеді. Жалпы сұрақ саны – 40. Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін

дұрыс жауаптарды 60% және одан жоғары жинау қажет. Шекті деңгей – 24 балл. Әрбір дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.

Қорытынды бақылау тестілеу түрінде жүзеге асырылады. Қорытынды бақылау үшін ең жоғары балл саны – 40 балл.

Егер тыңдаушы 100-ден кемінде 50 балл жинаса, курс бағдарламасы өтті деп саналады.

## IX. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеуде төмендегідей іс-шаралардың нысандары мен түрлері пайдаланылатын болады:

№	Курстан кейінгі сүйемелдеуді өткізу нысандары	Іс-шаралардың түрлері
1	Бейне конференциялар	Біліктілікті арттыру курсы аясында курстан кейінгі кеңес беру
2	Ынтымақтастықта оқыту	Педагогтің ақпараттық және коммуникациялық құзыреттілігі саласындағы тренингтер
3	Тәлімгерлік	Тәжірибелі маманмен тәжірибе алмасу бойынша On-lin-диалог
4	Рецензиялау	Әдістемелік әдебиет шығаруда әдістемелік көмек
5	ЖОО іс-шараларына қатысуға тарту	Әр түрлі деңгейде семинарлар өткізу

## X. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

### Негізгі:

1. Сарсенбаева А.Н. Применение современных интерактивных средств обучения в образовательных учреждениях. – Алматы, 2020.

2. Крофорд А., Сол Э. В., Мэтьюз С., МаКинстер Дж. Стратегии активного обучения и мышления. – ИОО: Нью-Йорк-Будапешт, 2019.

3. Загашев И. О., Заир-Бек С. И. Критическое мышление: технология развития. – СПб.: Альянс «Дельта», 2018.

4. Borg W. Applying educational research: A practical guide for teachers. New York: Longman, 2018.

### Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының пелагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, мұғалімдерге арналған «Тиімді оқыту», мұғалімдерге арналған «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» атты нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДБҰ, 2016.

2. Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру мазмұны аясында мұғалімдерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДБҰ, 2016.



3. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: учебно-методическое пособие / ред. И. В. Роберт. - М.: Дрофа, 2018.

4. Савинов Т.Т., Данилов Д.А., Басахранова Е.А. Информационные технологии в сфере образования. Учебное пособие. – М.: «Academia», 2013

5. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация: Пер. с англ. М.: «Когито-центр», 2015.

6. Халперн Д. Психология критического мышления. – СПб.: Питер, 2010.

7. Co-teaching. When one teaches two learn by Friend M., Reising M., Cook L., 1993.

8. Noffke S. E., & Stevenson R. B. (Eds.). Educational action research: Becoming practically critical. New York: Teachers College Press. Instructional Strategies for coteaching and inclusion, University of Richmond, 2005.